

"Инвестициялық ахуалды жақсарту жөнінде кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 275 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 7 тамыздағы № 801 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 546 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.09.2016 № 546 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Инвестициялық ахуалды жақсарту жөнінде кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 275 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңестің құрамына:

Қазақстан
тарапынан:

Құсайынов
М а р а т
Әпсметұлы

– Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі,
хатшы енгізілсін;

Кеңестің құрамынан Дәулет Еділұлы Ерғожин, Ерлан Қартайұлы Хаиров шығарылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңес туралы ережеде:

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Кеңестің жұмыс органының функциялары Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне жүктеледі."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

С. Ахметов